

**«6D050100-Әлеуметтану» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Дуйсенова София Малкайдаровнаның «Қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылыми стратегиялары» тақырыбына жазылған диссертациясына ресми**

**ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі көптеген факторлармен анықталады. Біріншіден, қоғамда орын алып жатқан жаһандану, интеграция және халықаралық әріптестік тенденцияларында кез келген елдің білім мен ғылым кеңістігі осы өзгерістермен бірге дамуы қажет. Ғылым, техника, инновациялық технологиялар саласындағы орын алып жатқан халықаралық бәсекелестік жастарға қажетті білім стратегияларын қалыптастыруды талап етеді. Екіншіден, осы өзгерістер негізінде туындайтын сұраныстарды қанағаттандыру үшін жаңаша ойлайтын, бәсекеге қабілетті жас мамандарды дайындау қажет екендігі белгілі. Үшіншіден, қазіргі әлемде білім саласында орын алып жатқан үздіксіз білім алу, өз бетімен оқу сияқты жаңа өмір салтын дамыту үшін еліміздегі білім және ғылым саласына қажетті стратегияны қалыптастыру уақыт талабы.

Автор жастардың әлеуметтік-кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісі, жас ғалымдардың білім жүйесі мен ғылым саласындағы жаңа институционалдық, мәдени және мінез-құлық нормалар мен тәжірибелерінің қалыптасуындағы рөлі мәселелерінің аз зерттелген аспектілеріне назар аударған және аталған осы факторлар диссертацияның өзектілігін көрсетеді. Біздің ойымызша, ізденуші зерттеу өзектілігін анықтай білген.

Сонымен қоса, автор Қазақстандық білім беру моделін, жас ғалымдардың типтерін анықтау мақсатында кешенді және эмпирикалық зерттеу жүргізу арқылы білім алушы жастардың мінез-құлықтарының типологиясын талдап, білім және ғылыми стратегияларын жетілдіруге қатысты ұсыныстарды келтіреді.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері**

Автор қарастырылып отырған зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

**1-ші ғылыми нәтиже.** Классикалық әлеуметтану концепциясындағы білім стратегиялары талданып, жастардың білім стратегияларының әлеуметтік топ ретіндегі ерекшеліктері негізінде заманауи тәсілдемесі жасалынған.

**2-ші ғылыми нәтиже.** «Жас ғалым» тобына әлеуметтік сипаттама беріп, «білім стратегиялары» мен «ғылыми стратегиялары» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілген.

**3-ші ғылыми нәтиже.** Ізденушінің эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде қоғамдық қатынастардың ауысу кезеңіндегі жас буынның моральдық-этикалық нормаларының, құндылықтық бағдарларының қалыптасуында маңызды болып саналатын білім мен мамандықтарды таңдау кезеңі ЖОО мен мамандықтың беделі, ата-аналар мен достардың ықпалы сияқты факторлармен байланысты екендігі анықталған.

**4-ші ғылыми нәтиже.** Білім және ғылыми стратегияларының қалыптасуына әсер ететін кәсіпқойлық, прагматизм, қоршаған адамдарға бағыныштылық сияқты факторлардың ықпалымен қалыптасатындығы сараланған. Ғылым қызметі саласындағы жас ғалымдардың мінез-құлықтарына әсер ететін экономикалық, институционалды және тұлғалық факторлар талданған.

**5-ші ғылыми нәтиже.** Факторлық және кластерлік талдау негізінде білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларының типологиясы құрастырылған.

### **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі**

С.М. Дуйсенова өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижелерді, тұжырымдарды, қорытындыларды негіздей алған. Әрбір ғылыми нәтиже әлеуметтанулық зерттеу негізінде шыққан зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып дәлелденген. Олардың негізделуі мен шынайылық дәрежесін төмендегідей атап көрсетуге болады:

**1-ші ғылыми нәтиже.** Ғылыми нәтиже негізделген. Автор классикалық әлеуметтанудағы жастардың білім стратегияларын түсіндірудің әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктерін бағалап, білім кеңістігіндегі білім стратегияларының өмірлік жоспарларды жүзеге асырудың заманауи тәсілдемесін ұсынған.

**2-ші ғылыми нәтиже.** Ғылыми нәтиже негізделген. «Білім стратегиялары» мен «ғылыми мотивация» категорияларына авторлық анықтама беріліп, қазіргі заманғы әлеуметтанулық концепциялардағы «жас ғалым» тобының сипаттамасы берілген.

**3-ші ғылыми нәтиже.** Ғылыми нәтиже негізделген және шынайы. Себебі, автордың жүргізген әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелеріне негізделе отырып дәлелденген. Ізденуші қазақстандық жоғары оқу орнындағы білім алушы жастардың жоғары білім деңгейлерін таңдаудағы мотивтеріне талдау жасап, жас буынның құндылықтық бағдарларын саралаған.

**4-ші ғылыми нәтиже.** Ғылыми нәтиже негізделген және шынайы. Ізденушінің жүргізген сандық және сапалық зерттеулерінің негізінде кәсіби білімді таңдау мен алу кезеңіндегі жастардың білім және ғылыми стратегияларының қалыптасуына әсер ететін факторлар мен жас ғалымдардың мінез-құлықтарына әсер ететін экономикалық, институционалды және тұлғалық факторлар топтастырылған.

**5-ші ғылыми нәтиже.** Ғылыми нәтиже негізделген әрі шынайы. Жоғары оқу орнында білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларының нақты типологиясы ұсынылған. Қазақстандағы жас ғалымдардың типтері талданып, оларға тән мінез-құлықтары жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша тұжырымдалған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі**

Диссертанттың бұл зерттеу жұмысы қазіргі әлеуметтану мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың талаптарына сай орындалған және қол жеткізген әрбір ғылыми қағидалары, нәтижелері мен қорытындылардың басым көпшілігін жаңалық деп есептейміз.

**1-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Теориялық қағидалар мен концепцияларды талдау негізінде білім стратегияларының классикалық әлеуметтанудағы түсіндірілуіне талдама жасалып, жастардың білім стратегияларының әлеуметтік-топтық ерекшеліктерін анықтаған.

**2-ші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа.** Білім стратегиялары» мен «ғылыми мотивация» категорияларына авторлық анықтама берілген. Білім беру стратегиясы өмірлік мақсаттарды жүзеге асыру үшін білімнің қалаулы деңгейіне жетуге бағытталған жоғары білім жүйесіндегі алға жылжу үдерісі негізінде тұжырымдалған.

**3-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Автор эмпирикалық зерттеу нәтижелері бойынша жастардың қоғамдық қатынастардағы өзгерістердегі моральдық-этикалық нормаларын, құндылықтық бағдарларының қалыптасуын анықтаған. Олар: ЖОО мен мамандықтың беделі, ата-аналар мен достардың ықпалы, жоғарғы жалақыны талап ететін мамандық иесі болу сияқты бағыттардағы білім мен мамандықтарды таңдаумен байланысты сипатталған.

**4-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Авторлық зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың білім және ғылыми стратегиясының қалыптасуына әсер ететін факторлар анықталды. Білім алушылардың кәсіпқойлығы, білім алудағы прагматизмділығы, қоршаған адамдарға бағыныштылығы, бейтараптығы сияқты факторлармен бірге, ЖОО-ның ғылым секторын қаржыландыру, соның ішінде зерттеу университеттерін дамыту бағдарламалары, жас ғалымдардың материалдық жағдайлары сияқты экономикалық факторлар, өзін-өзі таныту, отбасылық ұстанымдар, денсаулық, әлеуметтік жағдай, мансаптық өсу ретінде сипаттайтын құндылықтық факторлар талданған.

**5-ші ғылыми нәтиже – жаңа.** Ізденуші жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер негізінде жоғары оқу орнында білім алушылардың білім және ғылыми стратегияларының негізгі типологиясын талдай отырып, жас ғалымдардың типтері мен кәсіби бағдарларын анықтаған.

## **5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы**

Диссертанттың қол жеткізген ғылыми қағидаларының, тұжырымдарының, нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы зор деп есептеуге болады. С.М. Дуйсенованың диссертациялық зерттеуі арқылы қол жеткізген ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары отандық әлеуметтану ғылымында жоғары оқу орнындағы білім адып жатқан жастардың зерттеушілік қызметі мен ғылыми шығармашылық мотивациясын талдауға, олардың білім кеңістігінде танытатын мінез-құлықтары мен мотивтерін зерттеуге қосып отырған үлесін жоғары деп бағалауға болады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдамаларын, эмпирикалық зерттеу арқылы алынған ғылыми нәтижелерін білім мен ғылым мәселелерімен айналысатын мемлекеттік билік органдары, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелері, ғылыми орталықтар қолдана алады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының материалдарын әлеуметтану, білім әлеуметтануы, ғылым әлеуметтануы саласындағы мамандарды дайындауда, қайта дайындау және біліктіліктерін көтерудің барысында қолдануға болады.

## **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар**

С.М. Дуйсенованың ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы жоғарыда көрсетілген жетістіктерімен қатар, жұмыстың мазмұны мен рәсімдеуінде кемшіліктер кездеседі.

1. Диссертацияның рәсімдеуіндегі кейбір техникалық және пунктуациялық қателер бар.

2. Жұмыстың теориялық-методологиялық бөлімінде автор шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне басымырақ сүйенеді. Жұмыс іздеу мен жұмысқа орналасу мәселелері бойынша отандық ғалымдардың да еңбектерін пайдалануға болар еді.

3. Зерттеудің эмпирикалық бөлімінде оқу орнындағы жастардың білім мен ғылыми стратегияларын талдағанда гендерлік аспектіде бөліп алып қарастыруға болар еді. Сонымен қатар, жоғары білім алушы жастар мен жоғары оқу орнына кейінгі оқу орнында білім алып жатқан жастардың типологиясын әлі де нақтылау қажет деп ойлаймын. Себебі, студент жастардың мотивтері тек жоғары білім алумен байланысты болса, олардың одан ары ғылыммен айналысуына итермелейтін және оның өмір бойы білім алу стратегиясын таңдауына әсер ететін факторларды талдау диссертанттың эмпирикалық бөлімін одан әрі байыта түсетін еді.

4. Статистикалық талдаудың нәтижелері бойынша әр жүргізілген сауалнамаға мазмұнды қорытындылар беріледі, бірақ әр түрлі деңгейдегі білім алушы жастардың құрылымдық салыстырмалы деректері толық сипатталмаған, бұл диссертациялық зерттеудің жалпы гипотезасын бағалауға мүмкіндік берер еді.

Алайда аталған бұл кемшіліктер мен ұсыныстар С.М. Дуйсенованың зерттеу жұмысының құндылығын, мазмұнын, ғылыми нәтижелерін теріске шығармайды, жұмыстың сапасын төмендетпейді.

### **7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі**

Дуйсенова София Малкайдаровнаның «Қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылым стратегиялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс жоғары теориялық-әдіснамалық деңгейімен, жұмыстың ішкі логикалық бірлігімен ерекшеленеді. Аталған диссертациялық жұмысты толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде қарастыруға болады.


Жалпы алғанда, зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2 бөлімнің талаптарына сәйкес келеді және Дуйсенова София Малкайдаровнаны «6D050100-Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесіне лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Социология ғылымдарының кандидаты,**

**академик Е.А.Бөкетов атындағы**

**Қарағанды университетінің профессоры**



**З.Х. Валитова**

«16» қаңтар 2021ж.

